

XVIII GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS: CENTRAL ASIA

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



2022

МЕЖДУНАРОДНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ БОБЕК



СОДРУЖЕСТВО НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ

СЫН ЕСІМДІ БЛУМ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.А.Чалтикенова

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, ф.ғ.к.

Түйін: Мақалада заманауи әдістермен сын есім сөз табын оқыту ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: морфология, лексика-семантика, Блум таксономиясы, технология, ассоциограмма.

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесі дайын білімді ұсынудан гөрі орнықты білім беріп, қоғамдағы өзекті мәселелерді дұрыс пайымдап ұғынып, шешім шығара алатын білікті мамандарды дайындауға бағытталған. «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәнін оқыту барысында оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін жиі қолданамын. Ол студенттердің әлеуметтік және оқу белсенділігін оятуға ерекше мән беріліп, тапсырмалар тек жекелеген фактілерді меңгертумен шектелмей, проблеманы шешуге бағытталып, студенттің өздігінен шешім қабылдауына келіп тірелетіндей шығармашылық сипатта қарастырылады.

Белсенді оқыту әдістері ешкімді де танымдық әрекеттен тыс қалдырмайтындай оқу үрдісін ұйымдастыруға жол ашады. Мәселен, сын есімнің лексика-семантикалық топтары тақырыбын оқытуда ең алдымен дәрістің - smart мақсатын айқындап аламыз. Сын есім түрлерімен танысып, оның қолданылу ерекшеліктерін анықтау, мәтіндерге талдау жасай білу. Сабақ мақсаты айқындалғаннан кейін сабақ жоспары сын есім, оның қолданыс аймағы мен қызметі, мағыналық түрлері, сын есімді басқа сөз таптарынан ерекшелендіріп тұратын шырай категориясының болуы, сын есімнің заттануы мен сөйлемдегі қызметін меңгеруге құрылады. Дәріс тиімді болуы үшін алдымен Не білемін?, Нені білгім келеді? , Сабақ барысында білдім әдісімен жүргізіледі. Сын есімнің лексика-семантикалық сипаттарын, мағынасына қарай топтастырылуын интерактивті тактада Блум таксономиясы жүйесімен көрсетеміз.

Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы студенттердің білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады: Студент меңгеретін және берілетін білім негіздері танымдық іс-әрекет арқылы негізделеді, сонымен бірге студент білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді. Оны төмендегі слайдтар арқылы көруге болады.



Блум жүйесі

Дағдылар	Анықтама	Студенттің іс-әрекеті
Білім	Сын есімге өз түсінігіңіз бойынша анықтама беріңіз. Қандай сұрақтарға жауап беретінін айтыңыз. Сын есімнің түрлерін ажырата біліңіз	Тындайды, қабылдайды, еске сақтайды, ойлайды.
Түсіну	Берілген сөйлемдерден сын есімді табыңыз. Мағынасына қарай ажыратыңыз.	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.
Қолдану	Берілген сын есімді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз. Мәтіннен сын есімді табыңыз	Бұрынғы білім негізінде соны пайдалана отырып, жаңа проблема шешеді.
Талдау (анализ)	Зат есіммен салыстырып, сын есімнің өзіндік ерекшелігін саралаңыз	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді
Жинақтау (синтез)	«Досымның жақсы қасиеттері» тақырыбына шығарма жазыңыз. Шығармада сын есімдерді пайдаланыңыз.	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.
Бағалау	А.Құнанбаевтың, М.Мақатаевтың табиғатқа арналған өлеңдерінен сын есімді тауып жазыңыздар. Ақындар өлеңдеріндегі олардың қолданылу орнын дәлелдеңіздер.	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады

Блум таксономиясының басты белгісі осындай жүйеленген мақсаттармен ерекшеленеді. Ол үшін тақырып бойынша төмендегідей сұрақтар беріледі. Мәселен, Бұрын біздің қоғамда бай және кедей деген сөз айтылмайтын. Адамдар бірдей дәрежеде өмір сүрді. Қазір бай және кедей деген сөз жиі айтылады. Бұған сіздің жеке көзқарасыңыз қандай?

Қазақстандағы байлар мен кедейлердің қоғамға тигізер пайдасын салықпен, заңмен және мемлекеттің әлеуметтік жағдайымен байланыстырып өз шешіміңізді дәлелдеңіз. Мына нақыл сөздер төңірегінде өз ойларыңызды айтыңыздар.

Жоктық ұят емес, Тоқтық мұрат емес. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.

Кедей мен бай жолдас болмас,
Қасқыр мен қой жолдас болмас.

Байдан пайда артылмас,
Қудан айла артылмас.

Адамды тарлық шынықтырады, Бай атқа мінсе, құтты болсын дейді,
Адамгершілікті барлық ұмыттырады. Кедей атқа мінсе,
қайдан алдың дейді [1].



Семантикалық карта № 1

Сын есім	Сұрақтары	Тұлғасына қарай	Құрылысына қарай	Негізгі сын есім	Туынды сын есім	Мағынасына қарай

Семантикалық карта № 2

Заттың түрін, түсін білдіретін сын есім	Заттың көлемін білдіреді	Заттың аумағын білдіреді	Заттың салмағын білдіреді	Заттың сапасын білдіреді	Заттың дәмін білдіреді	Затқа, қимыл-іс - әрекетке негізделген қатысты сын есім

Алған білімдерін нақты өмірмен байланысты қолдана отырып, сын есімнің ассоциогаммасын студенттер өздері талдап, мысалдар арқылы көрсете алады. Олар білімді жай қабылдап қоймайды, талдайды, саралайды, салыстырады



Сабақ мақсатын айқындау, оған қойылатын талап жаңалық емес. Ал, педагогикалық технология ерекшелігі, оның талабы осы мақсатқа жету, студенттің өзі арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асыруды қарастырады. Студенттердің оқудағы іс-әрекеті, олардың ойлау дағдыларын жетілдіре отырып, мақсат қою технологиясын былайша көрсетуге болады.



Өз бетімен орындауға арналған практикалық тапсырмалар беріледі.

1. Мәтіннен сын есімдерді теріңіз және грамматикалық ерекшеліктерін талдаңыз.
2. Сын есімнің өзіне тән тілдік белгілері туралы қорытынды жасаңыз.
3. Берілген ақпараттық хабарламалардың тіліне тән көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарға сипаттама беріңіз.
4. Мағыналары қарама-қарсы сын есімі бар 10 мақал-мәтелді теріп жазыңыз. Ондағы сөйлемдердің құрылымына, жасалу жолдарына талдау жасаңыз.
5. Сын есімнің шырайларына мысал келтіріңіздер, өзіндік айырмашылық белгілерін табыңыз.
6. Сын есімді қолданып, университет жетістіктері туралы эссе жазыңыз.

Блум таксономиясының таным мен ойлау деңгейлері тұрғысынан жазбаша жауап беру түрлерін қолдануға болады.

1. Проблеманы сипатта.
2. Проблеманы салыстыр
3. Қалай пайдалануға болады?
4. Құрамдас бөліктері қандай?
5. Проблеманы шешу жолдарын келтіріңіз.
6. Проблема шешудің тиімділігі қандай?

Блум таксономиясының ұтымдылығы да сол білімгерлердің білімін шығармашылық деңгейге жетелеумен ерекшеленеді.

Блум таксономиясы – тұлға шығармашылығын дамытушы әдіс.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп жаңа типті оқыту, әр білімгердің қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Білім беруді жаңартуда көптеген жаңа технологиялардың қолданылуы –бүгінгі күні өз нәтижелерін беруде. Оқыту технологияларының ең басты ерекшеліктері - өзіндік ой-пікірі бар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталуында.Тағы бір ерекшеліктері-жаңа материалдарды білім алушы өз бетімен іздену арқылы меңгереді. Оқытудың жаңа технологиялары тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастырады, сонымен қатар әртүрлі жағдайларда нақты шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарасы мен пікірін жеткізе білуге, өзінің іс- әрекетін бағалай білуге үйретеді. Негізінен осы уақытқа дейінгі білім беру жүйесінде оқыту мазмұнға ғана құрылып, нәтижеге жету мақсатын нақты қоя алмады. Білімгер оқулықта берілген тақырыптың мазмұнын толық меңгеруіне мән берілді де, одан әрі американдық ғалым Б.Блумның «толық меңгеру теориясы» негізге алынбады.[2]. Мысалы: білімгер сабақта тыңдады, еске сақтады, ойлады, түсіндірді, көрсетті, жазды, айтты. Алайда алған білімін пайдалана отырып, проблеманы шешкізу, салыстыру, іздендіру, талқылату, бағалату, өз ойын айтқызуға жетелейді. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақты заманауи технологияны пайдалану білімгерлердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптасытуға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сонымен қорыта келе, білімгерлерге бірдей талап қоя отырып мүмкін болатын мәселелерді қарастырамыз. Білімгерлердің оқу материалын меңгеруде логикалық және эмоционалдық еске сақтау белсенділігін арттырып, іс-тәжірибелік жағдайларда өздерінің теориялық білімдерін қолдануды қалыптастырып, олардың өздік жұмысы белсенді болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ата тағылымы (Естеліктер мен зерттеу мақалалар жинағы) Алматы, 1996 ж.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. -Алматы, 2009